

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 желтоқсандағы N 1316 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 шілдедегі N 729 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1345 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.12.13 № 1345 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Нашақорлық пен есірткі бизнесінің алдын алу және оларға қарсы іс-әрекет бойынша жұмысты үйлестіру мәселелері жөніндегі комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 желтоқсандағы N 1316 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., N 48, 546-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

Нашақорлық пен есірткі бизнесінің алдын алу және оларға қарсы іс-әрекет бойынша жұмысты үйлестіру мәселелері жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Сабуров - Қазақстан Республикасы Ішкі істер
Дәлелхан Қамалбекұлы министрлігінің Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитеті төрағасының орынбасары, төрағаның орынбасары

Айтбаева - Қазақстан Республикасы Ішкі істер
Елена Игоревна министрлігі Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитетінің алдын алу және ведомствоаралық үйлестіру басқармасы бастығының орынбасары,

хатшы

Дәненов - Қазақстан Республикасы Сыртқы
Нұрлан Жұмағалиұлы істер министрінің орынбасары

Мыңбай - Қазақстан Республикасының Мәдениет
Дархан Қамзабекұлы және ақпарат вице-министрі

Кененбаев - Қазақстан Республикасы Қаржы
Ерлік Әбдірақымұлы министрлігі Кедендік бақылау
комитеті төрағасының орынбасары

мына:

"Қуанғанов - Қазақстан Республикасының Білім
Фархад Шаймұратұлы және ғылым вице-министрі

Білісбеков - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Нұрғали Дәулетбекұлы қауіпсіздік комитеті Экономикалық
қауіпсіздік департаментінің
бастығы (келісім бойынша)"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Қуанғанов - Қазақстан Республикасы Білім және
Фархад Шаймұратұлы ғылым министрлігінің жауапты
хатшысы

Білісбеков - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Нұрғали Дәулетбекұлы қауіпсіздік комитеті төрағасының
орынбасары (келісім бойынша)";

көрсетілген құрамнан: Нүкенов Маратқали Ордабайұлы, Бақтыбаев Жанарбек
Төлеубекұлы, Жошыбаев Рәпіл Сейітханұлы, Бабақұмаров Ержан Жалбақұлы,
Құсдәулетов Дулат Рашитұлы, Дүйсебаев Сержан Дәмебайұлы шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*